

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»КММ
«Есіл ауданының білім бөлімі»КММ
«Кеңес Одағының Батыры Тимофей
Позолотин атындағы № 1 Явленка
орта мектебі»КММ



КГУ «Явленская средняя школа
№1 имени Тимофея Позолотина –
Героя Советского Союза»
КГУ «Отдел образования Есильского
района» КГУ «Управление образования
акимата Северо-Казахстанской
области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

11 наурыз 2023 жыл

№ 107-НҚ
Явленка с.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
КММ « Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры
Тимофей Позолотин атындағы № 1 Явленка орта мектебі»»
КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8 бабы 5
тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үлгілік
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет
істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының
2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үлгілік қағидаларына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы № 1
Явленка орта мектебі» КММ қызметінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша
жұмыс тобының құрамы (*бұдан әрі – жұмыс тобы*) осы бұйрықтың
қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы
үлгілік қағидаларының 8 тармағында көрсетілген бағыттар Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау болып анықталсын.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауын жүргізу жалпы
кезеңі осы бұйрыққа қол қойылған уақыттан бастап 15 жұмыс күнінен
аспайтындай болып анықталсын.


5. Талдау кезеңі 2023 жылдың 27 мамыры 2024 жылдың 13 наурыз
аралығы.

6. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
аяқталған соң 3 жұмыс күні ішінде келісілген талдау анықтамасы «Кеңес
Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы № 1 Явленка орта мектебі»
КММ басшысының қарауына ұсынылсын.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мектеп директорының м.а

Е.Л.Самойлова



«Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы № 1 Явленка орта мектебі» КММ басшысының
2024 ж. «11» наурыз
№ 107 – НҚ бұйрығына
қосымша

«Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы № 1 Явленка орта мектебі» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы

№ р/с	АӘТ	Лауазымы
1	Деревянкина Юлия Михайловна	Кәсіподақ комитетінің төрағасы
2	Бромот Светлана Сергеевна	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
3	Лычкина Валентина Николаевна	Ардагерлер кеңесінің төрағасы
4	Омарова Гүлназия Сырғабековна	«АМАНАТ» партиясының мүшесі
5	Бирликова Динара Бербиевна	«Ишим» газетінің операторы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі,сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»КММ
«Есіл ауданының білім бөлімі»КММ «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы № 1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын ресми өкілеттер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Мектеп директоры	1. Мұғалім мен қызметкерді жұмысқа қабылдағанда. 2.Мектеп мүлкіне жауапты тұлға ретінде.	Қол жетімді	Төмен
Шаруашылық меңгерушісі	Мектептің материалдық қорына жауапты тұлға ретінде.	Қол жетімді	Төмен

Бекітемін
Мектеп директорының м.а
Е.Л.Самойлова
(лауазымы, тегі, аты-жөні
талдау объектісінің басшысы)

(талдау объектісінің басшысының қолы)

13.03.2024ж
(күні)

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі комиссиясының жұмысына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау іс-шара жоспары

(нысанның атауы)

р/р №	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсынымдар	Іс-шара	Оқиғаны аяқтау формасы	Орындаушылар	Орындау уақыты
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу	Мектеп ұжымымен, оқушылармен, оқушылардың ата-аналарымен сұхбаттасу	Хаттама	Е.Л.Самойлова –директордың м.а,сынып жетекшілер	Жыл ішінде
2	Мұғалімдерді конкурс арқылы жұмысқа қабылдау	Конкурс комиссиясының отырысы	Хаттама	Е.Л.Самойлов а-директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары	Қажетінше
3	Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің жоғарылауы аймақтарының қызметіне тұрақты ішкі бақылауды жүзеге асыру	Бақылау	Мемлекеттік қызметтерді уақытылы көрсету	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
4	Мектеп ұжымымен, оқушылармен, полиция бөлімінің, прокуратураның, білім бөлімінің	Түсіндірме сұхбат	Әлеуметтік желілерде жариялау	Е.Л.Самойлова – директордың м.а	Жыл ішінде

	өкілдерімен сұхбат жүргізу				
5	Мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Адал Ұрпақ» мектеп клубының жоспары бойынша тәрбие іс-шараларын өткізу	Пікірталас, сынып сағаттары, сурет және постер байқаулары	Әлеуметтік желілерде жариялау, брошюралар мен жадынама лар шығару	Е.М.Козырева-директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары	Жыл ішінде
6	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	Аналитикалық анықтама		Ю.М.Деревякина-мектеп кәсіподақ комитетінің төрағасы	Наурыз
7	Мектептің интернет-ресурстарына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауын орналастыру	Анықтаманың сканерленген нұсқасын жариялау	Сайтқа сілтеме	Т.Ж.Тұрсынбаев-бағдарламамен қамтамасыз ету маманы	Наурыз-сәуір

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі»»
КММ қызметінің сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық
акпараты.**

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының 2024 жылдың 11 наурызындағы №107-НҚ бұйрығы негізінде қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Тандалатын кезең: 2023 жылдың 27 наурызынан 2024 жылдың 13 наурызына дейін.

Талдау мерзімі: 2024 жылдың 11 наурызынан 2024 жылдың 13 наурызына дейін күнтізбелік 3 (үш) күн.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылдың 19 қазанындағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес төмендегідей салаларда жұмыс жүргізілді:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын зерделеп және басқа да нормативтік –құқықтық актілері бойынша жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар орын алмайды деген қорытындыға келді.

Мекеменің қызметі ұйым жарғысының, Қазақстан республикасының Конституциясына, Қазақстан республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасының тілдері туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қазақстан республикасы және білім беру саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

1. Нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1 Лауазымды тұлғаның өз қалауы бойынша шешім қабылдауын жеңілдететін ережелер анықталған жоқ.

1.2 Жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруына кедергі келтіретін нормалар табылмады.

1.3 Нормативтік – құқықтық актілерді еркін түсіндіру мүмкіндігін тудыратын құқықтық олқылықтар жоқ.

2. Ұйымдастыру және басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1 Жеке құрам басқармасы

2015 жылдың 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында кешенде келесі іс-шаралар жүргізілуде:

- мұғалімдер арасында құқықтық жалпыға бірдей білім беру, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын бекіту туралы» 2020 жылдың 24 қыркүйегінде №164 бұйрығы шықты, педагогикалық ұжымның барлық мүшелері жақсы таныс.Тоқсанына бір рет педагогикалық ұжыммен кешенді құқықтық оқыту өткізіледі, онда білімдерді насихаттау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері талқыланады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді. Қызметтік тексерулер жүргізілген жоқ. Талданған кезеңде бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ.

2024 жылдың 11 наурызынан 2024 жылдың 13 наурызына дейінгі кезеңдегі кадрлардың тұрақтамауын талдау тексеріс кезеңде еңбек шарты бұзылғанын көрсетті:

өз өтініші бойынша, зейнетке шығуына байланысты, маусымдық жұмысшылар – барлығы 15 адам:

- Михайлов Данил Анатольевич – балташы
 - Перов Игорь Николаевич – балташы
 - Кольят Ольга Владимировна – еден жуушы
 - Курьянова Валентина Игорьевна – еден жуушы
 - Жалқыбаева Жанар Тұрғынбекқызы – шағын орталықтың мед. қызметкері, шаруашылық меңгерушісі
 - Байзақова Ольга Андреевна – хатшы
 - Прилуцкий Николай Михайлович – күзетші
 - Пименов Владимир Викторович – күзетші
 - Қабдолов Талғат Еслямбекұлы – күзетші
 - Гельвер Зинаида Эдуардовна – бастауыш сынып мұғалімі
 - Жалтобар Айна Саматқызы – тарих мұғалімі
 - Қабиденов Асан Кенжеғалиұлы – тарих мұғалімі
 - Сақтағанов Алмат Сайранұлы – тарих мұғалімі
 - Чередниченко Наталья Рахимзяновна – математика мұғалімі
- Зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты (1 адам)
- Рахиева Замира Қайыпқызы – директор

Тексерілетін кезеңде «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде пайда болған бос орындарға байланысты ауысым 25 адамды құрағаны анықталды.

Тәртіптік іс-тәжірибиелерді бақылау кезінде жыл ішінде «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»КММ

«Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне 24 тәртіптік жаза қолданылғаны анықталды, оның 3-і мерзімінен бұрын алынды.

Ынталандыру тәжірибиесін қолдану мәселесі бойынша 8 наурыз, Мұғалімдер күні мерекесіне қызметкерлерді Құрмет грамоталарымен марапаттау туралы бұйрықтар зерделенді.

2.2 Мүдделер қақтығысын шешу

Талданып отырған нысан қызметкерлерінің жеке істерін зерделеу барысында мүдделер қақтығысы фактісі анықталмады.

2.3 Мемлекеттік қызметтерді көрсету

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры Тимофей Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі төмендегідей мемлекеттік қызмет көрсетеді:

- Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларға үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыруға құжаттарды қабылдау. Бұл қызметті көрсету Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2014 жылдың 25 ақпанындағы №61 бұйрығымен және жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасына сәйкес үйде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдарымен реттеледі;

- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыруға құжаттарды қабылдау;

- мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен оқытушыларының лауазымдарына тағайындау, лауазымдарынан босату үшін құжаттарды қабылдау;

- білім беру ұйымдарындағы педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттауға құжаттарды қабылдау;

- «Сакура» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар мен оқушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдетілген бағамен тамақтандыру;

- негізгі орта және жалпы орта туралы құжаттардың телнұсқасын беру;

- «Сакура» мемлекеттік бағдарламасы арқылы бастауыш, негізгі

орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу

бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық

бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау;

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ

«Есіл ауданының білім бөлімі» «Кеңес Одағының Батыры Тимофей

Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық

мемлекеттік мекемесі талданған кезеңде ол нормативтік-құқықтық

актілер мен стандарттарға сәйкес мемлекеттік қызметтердің барлық

түрлерін көрсетті:

- үйде оқитын балаларды оқыту;
- педагог кадрларға аттестаттау және біліктілік санаттарын беру (растау)-18, оның ішінде тағылымдамадан өтуші оқытушы-3, педагог-педагог-8, педагог-модератор-3, педагог-сарапшы-4, педагог-зерттеуші-0. Ұйымның оқытушылары атқаратын лауазымының біліктілік талаптарына сәйкес келелді;
- тегін тамақ -225 және жеңілдетілген тамақ – 70 оқушы;
- телнұсқаларды беру («Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚО) арқылы -3;
- құжаттарды қабылдау және кешенге қабылдау – 75.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдеріне қатысты бұзушылықтар болған жоқ. Қызмет алушылардан қызмет көрсету сапасы мен мерзіміне қатысты шағымдар түскен жоқ.

2.4 Рұқсат етуші функцияларды анықтау

Нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген іске асыруды ұйымдастыруға баса мән берілгені анық.

Рұқсат беру кезінде дискрециялық өкілеттіліктерді және әкімшілік кедергілерді анықтау байқалмайды.

2.5 Басқару функцияларын жүзеге асыру

Білім беру ұйымының қызметін тексеру оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тексеру нәтижелерін талдау және үлгілік шаралар негізінде ескертулер анықталған жоқ.

Бақылау функцияларын орындайтын тұлғаларды бағалау тәртібін талдау кезінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

2.6 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау пәнінен туындайтын басқа да мәселелер

Талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірленді.

Жалпы ұсыныстар:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекел аймағы бар қызметке тұрақты ішкі бақылауды жүзеге асыру;
- ұжым мүшелері, ата-аналар, мектеп және шағын орталық тәрбиеленушілері арасында ынтымақтастық мәдениеті мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Топ мүшелері

Ю.М.Деревянкина 

С.С.Бромот 

В.Н.Лычкина 

Г.С.Омарова 

Д.Б.Бірлікова 